

“Балдырған” бөбекжай-бақшасы МКҚК



«Не? Қайда? Қашан?»

(интеллектуалды ойын)

Өткізген: Еришева.Р

2024ж

Тақырыбы: «**Не? Қайда? Қашан?**» интеллектуалды ойын

Ойын барысы : Ойынға 3 топ арасынан 1 қатысушы тақтаға шығады. Кіші топ, ортаңғы топ, ересек топ тәрбиешілерінен 1 тәрбиеші. Олар өздері туралы қысқаша таныстырып шығады. Сәттілік!

Ойын ережесінде :

Бірінші тур тест теп аталады

Ойыншыға кезегімен 10 сұрақ беріледі. Сұраққа дұрыс жауап берілсе , ойыншыға 10 ұпай беріледі 10 ұпай дегеніміз 10.000 тг . әр сұраққа 10 секунд уақыт беріледі. Уақыт өткен соң ойыншыдан жауап сұралады. Ойыншы сенімді жауап берсе , жауап қабылданады. Ал әріптестер сәттілік !

Ойын барысында 1 жеңілдік беріледі.

Залдың көмегі-ойыншы бұл жеңілдікті тандаса, залда отырған әріптесімен бірге ақылдасып,сұрақтың жауабын белгілейді. Тандаған жауабы дұрыс болса 10 ұпай беріледі, ал дұрыс болмаған жағдайда 10 ұпай шегеріледі.

«Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалды

Миллион теңге кімге беріледі?

Ал әріптестер сәттілік !

Ойнымызды бастаймыз

1 Сұрақ:

Балдырған балабақшасы қай жылы қолданысқа берілді?

A 1980ж B 1979ж

C 1981ж D 1978ж

2. Сұрақ: Ф.Фребель Мектепке дейінгі мекеме ұйымдастырып, бала-бақша деп қай жылы атаған?

A. 1835ж B.1836ж

C.1834ж D.1837ж

3. Сұрақ: Сенсорика латын тілінен аударғанда қандай мағына береді?

A.Бір заттың сыртқы қасиеттері.

B.Сезім мүшелері арқылы орындайтын қабылдау.

C.Қарама-қарсы шамаларды бағдарлау. D.Барлық жауап дұрыс.

4.Сұрақ: Мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің бірінші кезеңі қай топтан басталады?

А.Кіші топ. В.Ересек топ

С. Ортаңғы топ. Д.Ерте жас

5.Сұрақ: Ойдың бастапқы формасы?

А.Ұғым. В.Синтез

С.Анализ. Д.Нақтылау.

6.Сұрақ:

Баянгүл Тынышқызы қай жылы,қай айда алғашқы еңбек жолын бастаған?

А.1988ж 10-қазан . В.1988ж 1-қазан.

С.1987ж 2-қыркүйекте Д.1985ж 15-қазан айында

7. Сұрақ: Қошқар мүйіз ою-өрнегі қолданылады....?

А. Зергерлік бұйымдарда. В.Барлық жауап дұрыс.

С.Текемет, алаша, кілемде. Д.Жиһаздарда

8.Сұрақ: Ұжымдық құрастру қай топтан басталады?


А.Ортаңғы топ. В.МАД

С.Ересек топта. Д.Кіші топта

Жеңіске жеткен топ тәрбиешісін құттықтаймыз!

«Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалды ойын аяқталды

Сау болыңызар.



**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**



Баяндама

**«Интеллектуалды ойындар, олардың классификациясы және
әзірлемесі»**

· Тәрбиеші: Ж.Ж.Шинбасва.

2024 жыл.

Тақырып: «Интеллектуалды ойындар, олардың классификациясы мен әзірлемесі»

Мақсаты: Балаларға интеллектуалды ойыны арқылы балалардың тілін, қызығушылығын арттыру және ой тұжырымдау мен пайымдауларын жетілдіреді.

Міндеттері:

Балалардың ой — өрісін, дүниетанымын жетілдіру;

Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту.

Әр баланың жеке дара ойлау, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, достарына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

1. Интеллект дегеніміз не?

Интеллект (лат intellectus-таным, ұғыну, аңдау)-жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үдерістер кіреді. Жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты.

Интеллект-адамның болмысты тануының негізгі нысаны.

Интеллект-ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.

Интеллект функциялары:

оқуға деген қабілеттілік; қоршаған болмысының заңдылықтарын белсенді меңгеруге қабілеттілік. Бірқатар психологиялық тұжырымдамаларда интеллект ақыл-ой операцияларының жүйесімен теңестіріледі.

Теориялық және практикалық Интеллект жеке адамның эмоциялық- еріктік ерекшеліктерімен байланысты. Интеллект түрлері:

абстрактылы интеллект,

ересектер зияты,

нақты интеллект,

кристалданғая интеллект,

қарапайым интеллект,

жануарлардың зияты,

жасанды интеллект.

Интеллектті диагностикалау интеллект коэффициентімен жүргізіледі.

Интеллект даму кезеңдері туралы Ж.Пиаже теориясы

1. Сенсомоторлы интеллект 0-2 жас.

Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарымен жасалған іс-әрекеттер. Баланың іс-

әрекеті топтама құрайды.

2.Операцияға дейінгі интеллект 2-8 жас.

Баланың тілі шығып,оның жасаған іс-әрекетінің нәтижесі еріксіз ойлаумен байланысты.Бұл кезең 2 фазаға бөлінеді.

Тіл шыққаннан бастап 1,5-4 жасқа дейін.

Когнитивті құрылымдардың қалыптасуы.4- 7 жасқа дейін

Интеллектуалдық дамыту ойындары балалардың түсіну және қабылдау қабілетін, ақыл-ойын дамытуға, түсінік-ұғымдарын қалыптастыруға, білімді терең меңгеруіне игі ықпал етеді.

Интеллектуалдық дамыту ойынының негізгі құрылымдық ерекшелігі — ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесінің қатаң сақталуы, педагогтың ойынды ұйымдастыруға даярлығы, баланың жас және жеке даму қабілеттерінің ескерілуі.

Ақыл-ойды тереңдетуге бағдарланған интеллектуалды ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді, қолданып көргенін, танып- білгенін есінде сақтайды. Нәтижесінде қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, тұрмыс пен қызмет түрлерін ажырата бастайды. Еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады.

Ойынның ережелері ойнаушының қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық, қажеттіліктерімен санасуы әр оқушының жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімен арттырады.

Ақыл-ойын дамытатын ойындарды меңгерген балалар логикалық ойлауының жоғарғы дәрежесімен, математикалық шешімдер қабылдай білуімен, талдау жасай алуымен ерекшеленеді. Пішіндер мен түстерді ажырата алуы, салыстыра білуі қабілеттері дамып, қабылдауы мен танымы кеңейеді.

Интеллектуалдық дамыту ойындарында балалар талдау (тұтасты жеке бөліктерге ойша бөлу), жинақтау (бөліктері тұтасқа ойша біріктіру), салыстыру (ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу), жүйелеу (заттарды, құбылыстарды топтарға бөлу) сияқты ойлау тәсілдерін меңгереді.

3.Интеллектуалдық ойындардың педагогикалық-психологиялық негіздері

Ойынның баланың интеллектуалдық дамуына ықпал ету мүмкіндігі педагогика ғылымы саласында жан-жақты қарастырылып, ойын әрекеті оқу әрекетінің жетекші формасына айналған. Ойын, ойыншық сөздері ой сөзімен тікелей байланысты, сөйтіп, ойнау біруақытта ойлаумен әрекеттеседі. Ойын – бұл қарым-қатынас, өмірлік тәжірибе жинақтау құралы. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: “Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы мүмкін емес” – дейді. Өйткені кез келген адам бала кезінен өмір әлеміне ойын арқылы кіріп, дүниені ойын әрекетімен тани бастайды.

Қоршаған дүние туралы түсінік ойын арқылы қалыптасады. Л.Выготский: «Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайында білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады — дейді. Бұл өмір тәжірибесінен алынған. Ойын — бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынмен өседі, оның жан-жақты дамуына тікелей ықпал етеді. Ол — баланың миын жаттықтыратын, әрі тынықтыратын негізгі жаттығу.

Ал біздің халық даналығы: «Ойлы бала, ойыннан өседі» — дейді.

Сондықтан ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойындардың педагогикалық мәні де осында. Ойын арқылы оқыту бұл ой көптеген оқытушылар мен тәрбиешілерді қызықтырады.

Интеллектуалдық дамыту ойыны — баланың мектепке дейінгі жасынан бастап, танымдық қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының негізін қалайтын, білім алу және тәрбие процесіндегі жетекші іс-әрекеттің түрі, өмір құбылыстарының бірі, сондай-ақ баланың ақыл-ойын қалыптастыруға бағытталған әсерімен ерекшеленетін әрекет.

Мұндай ойындар барысында:

- әлеуметтік топта оның рөлі мен тәртіп ережесі игеріледі;
- топтың, ұжымның, сондай-ақ баланың тұлғалық және жеке даму мүмкіндіктері қарастырылады.

Интеллектуалдық ойындардан күтілетін нәтижелер:

- баланың ақыл — ойы дамиды;
- сөздік қоры молаяды, ойын еркін жеткізуге талпынады;
- тілдік қарым-қатынасқа еркін араласады;
- қоршаған ортаны танып білуге қызығушылығы артады;
- ұжымдық іс-әрекетке бейімделеді;
- еңбекке тәрбиеленеді;
- бірлескен ұжымдық дағдылары жинақталады;
- әр баланың ақыл-ой деңгейі, өзіндік мінез-құлқы қалыптасады;
- бәсекелестікке, тапқырлыққа, төзімділікке, адамгершілікке тәрбиеленеді.

Осы күтілетін нәтижелер баланың жас ерекшелігіне сәйкес және жеке даму кезеңдеріне қарай бөлінеді. Сәйкесінше интеллектуалдық дамыту ойындары баланың осы жүйе бойынша қабілетіне, қабылдауына қарай топталады, жинақталады, қарапайымнан күрделіге қарай жүйеленеді.

Қорыта айтқанда, аталған ойындар кешені баланың қиялын, бейнелі ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытады. Интеллектуалдық дамыту ойыны — әлеуметтік қызмет, ол — баланың жасына қарай, өзін қоршаған ортаны танып білуге, оны өзгертуге құштарлығын арттыратын құрал. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоршаған ортаны құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, оқу әрекетінің негіздері қаланады.

4.Интеллектуалдық дамыту ойынының түрлері мен қызметі

Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде ойын-оқу қызметі, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық ойындар, логикалық ойындар, грамматикалық ойындар, математикалық ойындар, ұлттық ойындар, т.б. Ал интеллектуалдық дамыту ойындары – балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын молайтады. Оларды іденімпаздыққа ынталандырады, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді.

**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**



«Отбасы мен балабақша бірлігі»

Баяндама

«Балапан» тобы

Тәрбиешілер: Бақтыгереева Ж.

Жолбаева Г.

2023-2024 жыл.

«Отбасы мен балабақша бірлігі».

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді

пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» Қай кезеңде

болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты

ойландырып, толғандырып отырған жайы бар.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін.

Тақырыбы: Отбасы мен балабақша бірлігі.

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді

пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» болып табылады. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып

бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда

қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін

мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай

жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ

және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты.

Олай болса, өз

бақытымызды бағалай білейік.

Ата-аналар өз балаларының басты тәрбиешілері болып табылады. Отбасы – бұл баланың

өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен

қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын

сезетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайды – балалар жақсы жетістіктерге

жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық

ынтымақтастық –

баланың қанаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері олардың педагогикалық

мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие

жұмысының елеуетін арттыруға бағытталған.

Қазіргі заманның ата-аналарына көмек көрсету қажет, өйткені педагогика мен психология

жөніндегі білімдердің болмауы қателіктерге, түсініспеушілікке демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеліп тіреді. Сондықтан да балабақша педагогтарының негізгі күштері ата-

аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылатуға бағытталған.

«Тәй-Тәй»

технологиясының отбасыны педагогикалық ағарту бойынша жұмыс нысандарының бірі ата-

аналар жиналысы болып табылады.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас

жауы, ол келешекте оның өміріне азап әкеледі» деген. Қазақстанның дамуына үлес қосатын,

әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат

тәрбиелеп шығару – қоғам, ұстаздар мен ата-аналар, мұғалімдер қауымының бүгінгі таңдағы

баға жетпес міндеті.

**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**



**«Жалаңаяқ жүрудің пайдасы» кеңес
«Балапан» тобы**

Тәрбиешілер: Бақтыгереева Ж.

Жолбаева Г.

2023-2024 жыл.

«Жалаңаяқ жүрудің пайдасы» кеңес

Бейғам бала күнімізде құм болсын, жар болсын жалаң аяқ жүре беретінбіз. Балтырымызға батпақ бауырласа жабысса да, өкшеміз тілім-тілім күйге түссе де аяқ киімді киюіміз екіталай еді. Сол кезде көнекөз қариялардың өзі «Әй» деп тыйып тастауды білмейтін. Сөйтсек жалаң аяқ жүрудің сырына бұрынғылар әу бастан қанық болыпты ғой. Енді міне, сан түрлі ғалымдар мұны жаңалық ретінде жарияға жар салып жатыр.

Жалпы жалаң аяқ жүрудің пайдасынан қазақ елі ғана емес, ежелгі Мысыр, Грекия, Рим елдері де хабардар екен. Бұған өткен ғасырдың философтары ақыл-ой қабілетін нығайтудың бірден-бір жолы деп баға берген. Ал қазіргі физиологтар адамның табанында сезімтал жүйке ұштары шоғырланғандығын айтуда. Адам жүрген кезде солардың белсенділігі артады. Жалаң аяқ жүру туралы ақ халатты абзал жандардың да айтары бар. Медицина мамандары аяқ киімсіз жүру жүйке-бұлшық етін және тотығу үдерістерін белсенді күйге түсіретіндігін анықтаған. Сонымен қатар ол артериялық қысымды қалыпқа келтіріп, стенокардия, гипертония және басқа да аурулардың алдын алуда айрықша мәнге ие. Бұдан бөлек жалаң аяқ жүру психикалық ауытқушылықты болдырмайды. Адам қозғалысқа түскен кезінде бойында электр заряды жинала бастайтыны бәрімізге белгілі. Ал сіз жалаң аяқ жүре бастасаңыз, ол жерге тартылады. Мұндайда аяқ киімді шешпей жүру оның сыртқа шығуына кедергі келтіреді.

Жалаң аяқ серуендеуге таптырмайтын уақыт – жаз мезгілі. Жылдың осы маусымында балалар да алаңсыз ойнайды. Ал ересектер бір сәт жанына тыныштық сыйлап, өзіне де, аяғына да еркіндік бергені артық етпейді. Алайда, аяқ киімсіз жүргенде жадымызға ұстайтын ережелер де жоқ емес. Соның бірі – гигиеналық тазалықты сақтау. Яғни әр серуендегеннен кейін аяқты сабынмен жуып, қоректік кремді жаққан жөн. Сондай-ақ алғашқы күндері үй ішінде кілемде, еденде жалаң аяқ жүрген жақсы. Содан кейін кедір-бұдыр, салқын жермен жүріп дағдыланған дұрыс. Алғашқы күндері 15-30 минут жүрсе де жеткілікті. Аяқты шынықтыру үшін күн сайын салқын және ыстық суға батыру керек. Қар, мұз, ыстық құм мен тастар табанды тітіркендіреді. Осыдан кейін шөптің немесе жұмсақ заттың үстімен жүру организмге жағымды әсер етеді. Тағы бір ескеретін жайт, бұрыннан ауруы бар адамдар дәрігермен кеңескеннен соң жалаң аяқ жүруі керек.

Әлгінде жалаң аяқ жүрудің әртүрлі ауруға ем екенін тілге тиек еттік. Соның бір айғағы ретінде жарты ғұмырын аяқ киімсіз өткізген «Қазақтың Эйнштейнін» айтуға болады. Бір қарағанда тауды да, тасты да аяқ киімсіз кезіп, тіпті кез келген ғимаратқа жалаң аяқ кірген Нұрғали Қойшыбаевты есі дұрыс емес деп ойлауыңыз

бек мүмкін. Бірақ ол дәл осылай жүру арқылы өкпе ауруының емін тапқан. Оған бұл диагноз бала күнінде қойылған. Бірақ дәрігерлерден келер қайран болмаған соң, өзі дәстүрлі емді пайдалануды жөн санайды. Ақыры аяқ киімсіз жүру жақсы әсер етіп, оны өмірлік салты ретінде қалыптастырады. Осылайша «Қазақтың Эйнштейні» дерт жабысқан денсаулығын жөнге келтірген.

Қазір еңбектеген бала ғана емес, еңкейген қария да қалтафонға үңіліп, төрт қабырғаға қамалып үйден шығуға құлықсыз болып барады. Әсіресе, қалалық жерлерде. Мұнда баланың жалаң аяқ жүргені былай тұрсын, аулада асыр салып ойнағанын да сирек көресіз. Тіпті кейбір ата-аналар баласының жалаң аяқ жер басып жүргенін ар санайды. Бірақ аяқ киімсіз жүру денсаулықты жақсартуда маңызды рөл атқаратынын ұмытпайық.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны



«Балапан» тобы.

«Мейірімділікпен тәрбиелейік»

Тәрбиешілер: Жолбаева Г

Бақтыгереева Ж

2023- 2024жыл

Баланы жастан емес, тіпті ана құрсағынан бастап тәрбиелеудің маңызын қазақ халқы ертеден-ақ түсінген. Бала дүниеге келгенге дейінгі құрсақтағы кезеңде алған әсері, естіген, сезінген жайттардың барлығы сәби бойында қалады. Сол себепті нәрестенің ана құрсағындағы тәрбиесі маңызды орын алады. Ғалымдардың айтуынша, сәби құрсақтағы өмірінде анасынан нені көп үйренсе, нені көп білсе, бала дүниеге келгенде сол нәрсені тез игереді екен. «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетпек» деген осы болса керек. Ал жарық дүниеге келгеннен бастап жайлы, толыққанды отбасында өсіп, жетілген бала қоғамға пайдалы азамат болары анық. Салиқалы ұрпақ, саналы азамат тәрбиелеуде ата-ананың сіңірер еңбегі зор. Бала бойына керегі – мейірімділік пен адамгершілік. Кез келген бала жаңа отырғызылған тал шыбық секілді ата-ана сүйіспеншілігіне шөліркеп тұрады. Сондықтан мен баланы құрсақтан бастап тәрбиелеу керек екенін айтудан жалықпаймын. Ананың ол үшін көңіл-күйі, іштегі балаға деген махаббаты, бәрі-бәрі қалыпты болуы қажет. Құрсақтағы баланың дені сау болып туылуы үшін дұрыс тамақтану, жақсы әуендер тыңдау, салауатты өмір-салтын ұстанудың да артықтығы жоқ. Ең бастысы бала тәрбиесінде кешікпеу керек.

– Бүгінде бала тәрбиесі туралы сөз болғанда еріксіз смартфондарға тәуелділікті қосарлап айтамыз. Өйткені бұл тәуелділік заман алға жылжыған сайын дендеп барады. Сіз не дейсіз?

– Бала тәрбиесінде ата-аналар тарапынан кетіп жататын қателіктердің қатарында көп көңіл бөлмеу де бар. Осындай қарбалас тіршіліктен тұратын өмір бала мен ата-ананың арасын алшақтатқан секілді. Таң атысымен күй-беңмен кеткен әке-шеше қас қарайғанда шаршап үйге келеді. Мұндай жағдайда балаға көңіл бөле қоюы екіталай. Бірақ қанша шаршасаңыз да уақыт тауып баланың күні бойы не істегенін, сабаққа үлгерімі қалай екенін, әлеуметтік желіде қанша сағат отырғанын сұрап, азын-аулақ баламен байланыс орнатқан дұрыс. Әсіресе бүгінгі таңда әлеуметтік желінің әлегі көп. Оң-солын танып, білмеген жасөспірімдер үшін аса қауіпті тұстары жетерлік. Бірнеше жылда бір дүркін елді шулатқан суицидке итермелейтін ойындар түпкілікті тиылмады. Білместік те, өз өмірін қию да қолдаусыз, қараусыз қалған жасөспірімдерден шығады.

Мен өзім де педагог ретінде айтарым, ең алдымен баланы тыңдай білген жөн. Ашылып әңгіме айта алған бала ержеткенде өзіне керегін білетін, өмір жолын таңдай алатын жеке тұлға болып қалыптаса алады. Ал керісінше, баланы не болса содан тиып отырсаңыз, біржақты ғана тәрбие бергеніңіз. Әке-шешенің қаталдығы, тиым салу жеткіншектің қызығушылығын шектеп, ынжықтыққа, тұйықталуға апарады. Мұндай балалар ержеткен сайын қателікке бой алдырғыш, өз мақсатын білмейтін, тек өзгенің жетектеуімен өмір сүруге қалыптасып кетуі әбден мүмкін. Көбіне смартфонға тәуелділікке бой алдыратын балалардың көбі – осындай қараусыз жеткіншектер. Яғни ата-ана мен баланың арасындағы байланыс үзілсе

немесе баланы тым еркелетіп ауызынан шыққанын қағып алып отырсаңыз, тілазар баланы қалыптастырып жатқаныңызды түсіне беріңіз. Сымсыз құрылғыға баланы жақындатпай отыра алмассыз, дегенмен барлығын уақытымен реттеуге болады. Заман сондай екен деп, қолына алаңсыз телефонды таңып қою баланың болашағына балта шабумен тең деп ойлаймын.

– Сіз білім саласында қызмет етіп келесіз, бір жағынан бала тәрбиелеп отырған ата-анасыз. Балаларыңыздың оқуға ынтасы қалай? Балаларыңыз бос уақытында немен айналысады?

– Иә, мен ұстаз атты ұлы мамандықты арқалап келемін. Алдыма келген әрбір балаға саналы тәрбие беріп, білім нәрімен сусындатып жүргенімді мақтаныш санаймын. Себебі өз мамандығымның адамзат үшін қаншалықты ардақты екенін жақсы білемін. Ең бастысы, жауапкершілікті бірінші орынға қоямын. Қоғамның ертеңгі буынын бүгінгі ұстаздар – біздер қалыптастырып жатқанымызды өзіме үлкен жүк деп есептеймін. Менің мектеп жасындағы 3 балам бар. Өзім педагог болғандықтан ғана емес, ата-ана ретінде де білімнің мыңды жығатынын білемін. Сондықтан балаларымның оқуға деген ынта-ықыласының әрқашан жоғары болуын жіті қадағалаймын. Шүкір, балаларым мектеп қабырғасында белсенді, әртүрлі жарыстарға, жобаларға қатысып жүлделі орындарға ие болып келеді. Мектеп мұғалімдерінің де білім берудегі кәсібилігіне, сабақ берудегі жаңаша әдіс-тәсілдеріне көңілім толады. Өзім де мұғалім болғандықтан, кез келген мұғалім баланы жаман болсын демейтінін білемін. Жасыратыны жоқ, жаңа жоғарыда айтқанымыздай, қазір – үлкен де, кіші де телефонға тәуелді болған заман. Оған кінәлі – өзіміз. Кейбір балалардың осы тәуелділіктен тілдерінде мүкістік көп, дыбыстарды дұрыс айта алмауы пайда болды. Бала тыныш болсын деп өзіміз телефонды беріп, жан тыныштығымызды ойлаймыз. Ол бала не көріп жатыр, не үйреніп жатыр, оны қадағаламаймыз. Мен өзім үйде балаларыма телефон бермеймін. Балабақша жасындағы қыздарымның үлкендері ертегі оқиды, бір-бірімен ақылдасып отырып сурет салады. Бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруды о бастан-ақ әдетке айналдырдым.

– Баланың кітап оқуға деген қызығушылығын қалай арттыруға болады?

– Бүгінде ақсап тұрған тәрбиенің бір өзекті тұсы осы балалардың кітап оқуға деген қызығушылығының төмендігі екенін айтуға болады. Оның да себебін тағы заманға әкеп телиміз ғой. Бірақ шындығы сол, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын сымсыз құрылғы пайда болғалы рухани азық беретін алтын кен – кітап бетін парақтайтын жастардың қатары сиреді. Кітапханаларға барып, ізденіп, оны парақтап, сан тарауын талдағаннан, көз майын тауысып оқып шыққаннан қолындағы смартфоннан лезде оқи салғанды оңайырақ көреді. Кітап оқығаннан көз майын тауысамыз дейтін сол жасөспірімдер қалта телефоннан бөлінетін

сәулелерден көз жанары солып қана қоймай, адам ағзасының басқа да мүшелері зақымданып жатқанын сезбейді. Смартфон тек көз жанарын ғана алмайды, ол мидың жұмысын да кешеуілдететіні дәлелденген. Өйткені смартфонда бәрі көз алдында тұрғандықтан, ми ойлау, қорыту сынды функцияларын атқармайды. Мұнан кейін мидың осы қабілеттері біртіндеп жұмысын тоқтатып, дамуы кешеуілдей бастайды. Бала шаршаңқы, агрессивті, тұйық бола бастайды. Жалпы баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін өте жоғары деңгейде жұмыс істемесеңіз, нәтижеге жету қиынырақ. Балаға ұры-сып, телефонын тартып алып, кітапханаға кіргізіп жібергеннен түк шықпайды. Бала өз еркімен ізденетіндей тәсілдерді қолдану қажет. Бұл ретте мектеп мұғалімдерінің еңбегі зор. Яғни мектептегі білім беру процесі бірізді болмауы керек деп ойлаймын. Әр пәннің өзіндік ерекшелігі болғаны сияқты, сол пәннің мұғалімі баланы қызықтыру үшін әр сабақты тыңғылықты дайындықпен жоспарлауы тиіс. Жаңаша әдіс-тәсілдер, ойындар, интеллектуалды сайыстар сабақ оқуға деген ынтаны оятады, баланы жігерлендіреді. Шытырман оқиғаға толы немесе оқиғасы қызықты кітаптарды толықтай оқып, сыныпта талдаудың да берері көп. Ең бастысы бала оқуы керек деп қолына кез келген кітапты бере салмау керек. Оқыған кітабын бірге отырып талдау, не түсінгенін сұрап бөлісу де оң нәтижеге жеткізеді.

– Сөз соңында айтарыңыз...

– Қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова апамыз бір сөзінде «Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан. Бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі байланысып, ұштасып жатады. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған әрі күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған» дейді. Осы бірауыз сөзбен-ақ қаны қазақ кез келген адамның бойында аталған қасиетті құндылықтарға деген шексіз құрмет болуы керек екенін ұғындырады. Мен не себепті бесіктің киесін айтып отырмын? Өйткені бесік – баланың ең алғашқы ұясы, құтты мекені. Ана құрсағынан анасымен сырласқан, бесікте жатып бесік жырын естіген, анасының құшағын сезе отырып ақ сүт емген, уызына жарыған бала қазақы болмысын еш уақытта жоғалтпайды. Ал бауыр етің балаң үшін ата-ана ретінде өміріңнің соңына дейін бағдаршам болу – міндет. Қысқасы «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» екенін естен шығармайық.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны



«Балапан» тобы.

«Тазалық-денсаулық кепілі»

(кеңес)

Мейірбике: Аралбаева А

2023- 2024жыл

Тазалық – денсаулық кепілі

Тазалық – денсаулық негізі,

Денсаулық – байлық негізі.

Мақал

Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі – салауатты өмір салтын сақтау қолдауда.

Қараңғы үйге кіріп келіп шам жақсаңыз, шам үйді жарық қылады. Көп қызыл гүлдің ішінен бір ақ гүл көрсең, көзің соған түседі. Біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан-жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық – денсаулық. Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәннің саулығын және рухани саулығын сезіну.

Жеке бас тазалығының ережелері.

- Күнделікті бір уақытта тұр, бөлменді желдетіп ал да, шынықтыру жаттығуын жаса;
 - Ертең ерте тісінді тазалап, беті-қолыңды, мойның мен құлағыңды жу;
 - Ұйықтар алдында жуынып, бөлменді желдетіп алуды ұмытпа;
 - Тамақ ішердің алдында, жұмыстан кейін, әжетханадан соң міндетті түрде қолыңды жу;
 - Бет орамал пайдалан, мұрныңның әрқашан таза болуына көңіл бөл;
 - Түшкірген, жөтелген кезде мұрның мен аузыңды бет орамалмен жауып, теріс айналып түшкір немесе жөтел;
 - Шашыңды дұрыстап күт: уақытылы тара, буып немесе өріп қой;
 - Төсегіңді жинау, жеңіл-желпі киімдеріңді өзін жуып, үтіктеу, түйменді қадап, бәтеңкенді тазалау – бұл әркімнің-ақ қолынан келетін іс;
- Ал қонаққа барарда жарасымды да сәнді киінген жөн;
- Үйден шығарда сырт бейненді айнаға қарап түзеуге әдеттен;
 - Аяқ киіміңді күтіп киіп үйрен, тазалауға уақыт бөл;
 - Өзің отыратын орынның тазалығын қадағалап, шаңын сұрт;

- Кітап – дәптеріңді пайдаланып болған соң, орнына қой;

- Ине-жіп, қайшы, тарақ, кітапша сияқты заттардың өз орнынан табылғаны дұрыс. Алсаң, орнына дереу қой;

Тері тазалығы – адам денсаулығының кепілінің бірі. Ыстық сумен және сабынмен жуынған жағдайда ғана теріні түрлі микробтар мен лас нәрселерден айықтырып, тазартуға болады. Адам терісінің ең өсімтал бөлігі –

шаш пен тырнақ. Ол адамның миын күн сәулесі мен суықтан сақтайды. Әр шаштың өзінің өмір сүру мерзімі бар. Шаш сырт көзге өз қалпын сақтап тұрғанға ұқсағанмен, шын мәнінде күніне 100 тал шаш түсіп, 100 тал шығып отырады. Шашты аптасына 1 рет жуған жөн. Өте суық күндері бас киімсіз шығуға болмайды.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны



«Балапан» тобы.

«Балаңызбен бірге ойнаңыз»

/кеңес/

Тәрбиешілер: Жолбаева Г.Е.

Бақтыгереева Ж

2023- 2024жыл

Бала

өміріндегі алғашқы мектепке дейінгі кезеңінің өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең. Бұл кезде баланың ақыл – ой қабілеті, қасиеттері және эстетикалық сезімдері қызықты, мазмұнды сабақ, еңбек, ойын процесінде жан-жақты қалыптасады. Ойын – тәрбие берудегі ең тиімді тәсілдердің бірі.

«Бала бақшадан тәрбие беру бағдарламасында» баланың денесі мен психикалық жетілуі, жеке басының дамуы үшін ойынның үлкен маңызы бар.

Бала ойынарқылық күш – жігерін жаттықтырып, қоршаған заттар мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды, яғни болашақ ұрпақтың тәрбие жолы тәлімдік ойыннан басталады.

Ойын – оқыту, өсіру, денсаулықты нығайту мен қатар тәрбие дағдыландырады. Көпшілік адамдар арасында өмір сүру, айналасына қайырымды, адал болуға, қиналған кезде қолұшын беруге тәрбиелейді. Басқа адамның сөзін тыңдауға, қуанышын бөлісуге, өз ойымен басқа адамның ойын салыстыра білуге және сыйластыққа, үлкенге жәрдем беріп, кішіге қамқор болуға, не жақсы, не жаман екенін айыра білуге баулу үшін сахналық ойындарды пайдалануға болады.

Ойын — өсіп келе жатқан бала ағзасы үшін өте қажет. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетілетүседі.

Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады, ұстамдылығы, іскерлігі дамиды.

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет. Дене тәрбиесі немесе спорт сабақтарында балаларға ойынның бағытын бере отырып, оның әділ және дұрыс етуін қадағалаған жөн.

Өйткені, мұның балаларға салауатты өмір салтын қалыптастыруда тәрбиелік маңызы зор. Жан – жақты дамығандан денсаулығымызды дара тұлғаларды тәрбиелеу ежелден – ақ халық дәстүрі.

Тәрбиеші балалардың сәби шағынан бастап, дене бітімінің дұрыс жетілуіне мән беріп, дәстүрлі жаттығулар мен қимыл ойын түрлерін қолдана білгені дұрыс.

Ойын жас баланың денесінің дұрыс жетілуіне, күшті, төзімді боп етуін етігізер көмегі мол.

Дене ойындарымен айналысқан балалардың бұзақылық мінез көрсетуіне уақыты болмай, керісінше олардың ой жылдамдығы мен дене бітімі қатар дамып, сабырлы болатыны белгілі.

Мектепке дейінгі балалардың ойын жаттығуларымен қатар санауға, сөйлей білуге, сөздік қорын байтуға тигізері қпалы зор.

Балалық шақ кезіндегі ойын бұл қызықты әлем.

Бұл әлемде әлсіз қорғаны жоқтың мықты қайраты болады, ішпыстыратын және қызықты емес нәрселер көңілді және қызғылықты болып шығады.

Бұл кезеңде әр бала өзінің жаман қылықтарын біледі, айналасын өте әдемі, таңғаларлықтай қызықты ете алады. «Менімен ойнашы» деген балалар өтінішін жиі естиміз.

Ата – аналар келісім берген кезде бір минут қасқыр, дәрігер, дүкенші, болып ойнаса, бала қуанып қалады.

Балалар қиялдау арқылы ойдан түрлі ойыншығарады.

Ойынарқылы балалардың шығармалық ой – қиялы, елестету қабілеті шарықтайды. Ойын – тәрбие құралы. Ойынның арқасында жан-жағын қоршаған орта балаға қостаушы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі бала белсенді, ой – түсінігі мол болып, өзінің тәртібін басқара білсе, мектепте жақсы оқиды., бір мақсатқа жетемін деген ниеті болса, бала бойындағы талпынысты дамытуға баса назар аударуымыз керек.